

**Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 277 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына, "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 Жарлығына және "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 187 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға кредит берудің негізгі шарттары бекітілсін.

2. Тиісті мәслихаттар 2020 жылға арналған облыстық бюджеттерде, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;

2) бюджеттік кредиттердің нысаналы пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Ұлттық экономика министрліктеріне кредиттердің игерілуі туралы ақпарат ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және

моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға кредит беруге бөлінген бюджеттік кредиттердің игерілуін мониторингтеуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 6 мамырдағы  
№ 277 қаулысымен  
бекітілген

## **Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға кредит берудің негізгі шарттары**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі – қарыз алушы) кредиттер беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға кредит беру үшін "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 187 қаулысында көзделген 9311124000 (тоғыз миллиард үш жүз он бір миллион бір жүз жиырма төрт мың) теңге сомасындағы кредиттер қарыз алушыларға 7 (жеті) жыл мерзімге 0,01 % сыйақы мөлшерлемесімен беріледі;

2) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 6 айды құрайды және бюджеттік кредитті жергілікті атқарушы органға аударған кезден бастап есептеледі.